

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ "СЕЛОЛЫҚ ЖЕРДІҢ  
ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ МЕН ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖАҚСARTУ  
ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ" 1993 ЖЫЛҒЫ 27 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ N 1473  
ЖАРЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 2  
ақпан 1994 ж. N 127. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331  
қаулысымен. ~P020331

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 27 желтоқсандағы N  
1473 Жарлығына сәйкес және көп укладты нарықтық экономикаға көшу мен  
селода кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау мәселелерінде  
тұтынушылар кооперациясына мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету  
мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазтұтынуодағы басқармасына село халқына қызмет көрсетуді жақсарту  
және кооперативтік ұйымдар қызметінің аясын кеңейту Бағдарламасын жүзеге  
асыру жөніндегі шараларды әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасы  
тұтынушылар кооперациясы XVI съезінің қарауына енгізу ұсынылсын.

Аталған шараларда:

селолық жерлерде негізгі тағам өнімдерімен және азық-түліктік емес  
тауарлармен олардың белгіленген түр-түрі бойынша үздіксіз сауда жасауын және  
шаруа қожалықтарының өтінімдері бойынша шағын ауыл шаруашылық  
техникасын жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі тұтынушылар кооперациясы  
ұйымдары мен кәсіпорындарының міндеттері;

шаруа қожалықтары мен өзіндік қосалқы шаруашылықтардан ауыл  
шаруашылық өнімдерінің артығын сатып алуды және оларды қалалық  
кооперациялық сауда жүйесі арқылы сатуға жіберілуін ұлғайтуды қамтамасыз  
ететін дайындау пункттері мен селолық кооперациялық дайындау өнеркәсібінің  
тармақталған жүйесін құру;

тұтынушылар кооперациясы кәсіпорындарында азық-түлік және өнеркәсіп  
тауарлары өндірісін ұлғайту, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету пункттері мен  
шеберханаларын ұйымдастыру көзделсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі кредит ресурстарын бөлу  
кезінде тұтынушылар кооперациясы ұйымдарының село халқына қызмет  
көрсетуді жақсарту Бағдарламасын орындауға, ауыл шаруашылық өнімдері мен  
шикізат сатып алуға, сақтау мен ұқсатуға, халық тұтынатын тауарлар өндірісіне,

сондай-ақ қатынасуы қиын аудандардың тұрғындарын үздіксіз жабдықтау үшін тұрақты тауар ресурстарын жасауға, маусымдық сұраныс пен мерзімінен бұрын жеткізетін тауарларды жинауға қажеттілігін ескеретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазтұтынуодағына жеңілдікті жағдайда бюджеттік несие бөлу мүмкіндігін іздестірсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сауда министрлігі және Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі тұтынушылар кооперациясы ұйымдарына орталықтандырыла бөлінетін халық тұтынатын тауарлардың жалпы көлемінің 50 проценттен кем болмайтын мөлшерін оларды республикада өндіру және орталықтандырыла бөлінетін валюталық ресурстарға сатып алу есебінен бөлуді қарастырсын.

5. Халық тұтынатын тауарлардың бағасын тежеу мақсатында облыстардың әкімдері белгіленген тәртіппен тұтынушылар кооперациясының ұйымдары мен кәсіпорындардың жергілікті салықтар мен алымдарды төлеуден босату мәселесін қарап, шешетін болсын.

6. Тұтынушылар кооперациясының ұйымдары мен кәсіпорындарына " Қазақстан Республикасы тұтынушылар қоғамдары одағының (Қазтұтынуодағы) экспортқа шығаратын тауарларына кеден салығын салу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 254 қаулысында белгіленген экспортқа шығаратын тауарларға салынатын кеден салығының мөлшері сақталсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі жыл сайын тұтынушылар кооперациясының ұйымдары мен кәсіпорындарына өнеркәсіптің өндіруші және ұқсатушы салаларының тауар-шикізат ресурстарын экспорттау лицензияларымен қамтамасыз етілген квоталар бөлуді қарастырсын, ал Қазтұтынуодағы осының есебінен ауыл шаруашылық шикізатын ұқсату жөніндегі жабдықтар мен технологияларды сатып алып, республикаға әкелінуін және село халқы үшін қажетті тауарлар шығаратын кәсіпорындар мен цехтар құрылуын қамтамасыз етсін.

(8 тармақ) <\*>

Ескерту. 8-тармағының күші жойылды - ҚРМК-нің 1994.11.01. N 1219 қаулысымен.

Ескерту. 8-тармақ күшіне енді - ҚРМК-нің 1994.12.06 N 1374 қаулысымен.

Ескерту. 8-тармақ қайтадан күшін жойды - ҚРМК-нің 1995. 07.18. N 994 қаулысымен.

9. Тұтынушылар кооперациясының қатысуымен құрылған инвестициялық жекешелендіру қорларына халық тұтынатын тауарлар, тауар өндірушілер мен

халықтың мұқтажы үшін жабдықтар мен технологиялар шығаратын кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға қатысуға белгіленген тәртіппен құқық берілсін.

10. Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың әкімдері селолық жерлердегі өндірістік әлеует пен еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында тұтынушылар кооперациясының органдарымен бірлесе

отырып қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдансын.

11. Облыстар мен аудандардың әкімдері селолық жерлердегі тауар өндірушілер мен халқына қызмет көрсетуді жақсарту бағдарламасын іске асыру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырсын және тұтынушылар кооперациясының жұмысына мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі деп қарайтын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі